ҒТАМР 17.09.09 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.1-03

Н.Е.Усенова[1*], И.А. Жеменей[2], Ю. Пилтан[3]
[1,2]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
[3]М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан
E-mail: [1]usenova_nur@bk.ru, [2]jemeneyislam@yahoo.com, [3]yousefpiltan@gmail.com
ORCID: [1]0000-0003-2349-8166, [2]0000-0002-6622-0757, [3]0009-0004-0572-3926

«БАБЫРНАМАДАҒЫ» ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР БЕЙНЕСІ

Аңдатпа. «Бабырнама» – тарихи және әдеби құндылықтарға толы мемуарлық шығарма. Автор өзінің өмірі мен әскери жорықтарын баяндап қана қоймай, тарихи дерек ретінде көптеген құнды мәліметтер ұсынады. Яғни еңбекте XV-XVI ғасырлар арасындағы басты-басты оқиғалар қамтылған. Еңбектің авторы Зәһиреддин Бабыр жан-жақты білімпаз адам ғана емес, көз алдында өткен сан қилы оқиғаларға бақылау жүргізіп, оны ой елегінен өткізген зерттеуші деуге болады. Бабыр өз еңбегінде Әлішер Науаи, әйгілі ғалым, астроном Ұлықбек, тарихшы-ғалым Мұхаммед Хайдар Дулат сияқты әдебиет пен өнер қайраткерлерінің деректерге негізделген портреттерін жасаған. Сонымен қатар «Бабырнамада» қазақ хандары Қасым мен Әдік сұлтан жайында тарихи деректер берілген. «Бабырнамада» Бабырдың жеке өмірі, соғыстары мен саяси қызметі ғана емес, сонымен қатар оның айналасындағы батырлардың бейнесі де үлкен мәнге ие. «Бабырнамадағы» батырлар портреті нақты тарихи тұлғалар болғандықтан, олардың бейнелері тарихи шындыққа негізделген. Бабыр батырларды суреттегенде олардың әскери жетістіктері мен ерліктерін ғана емес, сонымен бірге олардың жеке қасиеттерін де атап көрсетеді. Бабырдың оларды мінездегенде ерекше назар аударатын қасиеттері – олардың батылдықтары, әскери қабілеттері, қайсарлықтары мен адалдығы. Осы мақалада «Бабырнамадағы» тарихи тұлғалар мен батырлар портреті сарапталып, олардың тарихи және әдеби маңызы талданады.

Кілт сөздер. Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр, Бабырнама, көркемдегіш құралдар, тарихи тұлғалар, батырлар портреті.

Н.Е. Усенова[1*], И.А. Жеменей [2], Ю. Пилтан[3]
[1,2]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
[3]Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан
E-mail: [1]usenova_nur@bk.ru, [2]jemeneyislam@yahoo.com, [3]yousefpiltan@gmail.com
ORCID: [1]0000-0003-2349-8166, [2]0000-0002-6622-0757, [3]0009-0004-0572-3926

Портрет исторических лиц в «Бабурнаме»

Аннотация. «Бабырнама» – это мемуарное произведение, наполненное историческими и литературными ценностями. Автор, помимо описания своей жизни и военных походов, предоставляет множество ценных сведений в качестве исторического источника. То есть, в труде охвачены основные события XV-XVI веков. Автором произведения является Захиреддин Бабур, который не только является всесторонне образованным человеком, но и может быть назван исследователем, который наблюдал за множеством событий, происходивших на его глазах, и осмысливал их. В своем труде Бабур создает портреты таких деятелей литературы и искусства, как Алишер Навои, знаменитый ученый-астроном Улугбек и историк-ученый Мухаммед Хайдар Дулати, основываясь на фактических данных. Кроме того, в «Бабырнаме» содержатся исторические сведения о казахском хане Касыме и султане Адике. В «Бабырнаме» большое значение имеет не только личная жизнь Бабура, его войны и политическая деятельность, но и образы его окружения – богатырей. Портреты богатырей в «Бабырнаме» основаны

на реальных исторических личностях, поэтому их образы имеют под собой историческую правду. Когда Бабур описывает богатырей, он акцентирует внимание не только на их военных достижениях и подвигах, но и на их личных качествах. Характеризуя их, Бабур особенно подчеркивает их мужество, воинскую доблесть, стойкость и преданность. В статье рассматриваются портреты исторических деятелей и героев в «Бабырнаме», анализируется их историческое и литературное значение.

Ключевые слова: Захиреддин Мухаммад Бабур, Бабурнама, художественные средства, исторические личности, портрет героев.

N.E. Usenova[1*], I.Zhemeney[2], Y.Piltan[3]

[1,2]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

[3]M.O.Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

E-mail: [1]usenova_nur@bk.ru [2]jemeneyislam@yahoo.com, [3]yousefpiltan@gmail.com

ORCID: [1]0000-0003-2349-8166, [2]0000-0002-6622-0757, [3]0009-0004-0572-3926

Portrait of Historical Persons in «Baburnama»

Abstract. «Baburnama» is a memoir filled with historical and literary values. The author not only recounts his life and military campaigns but also provides many valuable insights as a historical source. The work encompasses the main events that took place between the 15th and 16th centuries. The author of the work, Zahireddin Babur, can be described as a well-educated person who not only observed the various events that unfolded before his eyes but also reflected on them as a researcher. In his work, Babur created portraits based on the information of figures from literature and art, such as Alisher Navoi, the famous scholar and astronomer Ulugh Beg, and the historian-scientist Muhammad Haidar Dulati. Additionally, «Baburnama» contains historical information about the Kazakh Khan Qasim and Sultan Adik. In «Baburnama», not only Babur's personal life, wars, and political activities are highlighted, but also the image of the heroes surrounding him holds great significance. The portraits of the heroes in «Baburnama» are based on real historical figures, making their depictions grounded in historical reality. When describing the heroes, Babur emphasizes not only their military achievements and bravery but also their personal qualities. Characterizing them, Babur especially emphasizes their courage, military valor, fortitude and devotion. The article examines the portraits of historical figures and heroes in «Babyrnama», analyzes their historical and literary significance.

Key words: Zahireddin Muhammad Babur, Baburnama, artistic means, historical figures, portraits of heroes.

1. Кіріспе

Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» еңбегі Бабырдың мемуарларынан тұратын XV-XVI ғасырлардағы Орта Азияның саяси, мәдени және әскери жағдайын суреттейді. Проза жанрында және түркі тілінде жазылған бұл еңбек Бабырдың естеліктері мен пікірлері болып табылады. Бабырдың көрнекті тұлғасы бұл шығармада жан-жақты көрініс тауып, әртүрлі мәселелерге қатысты өз пікірлері мен ойлары ашық түрде жазылған. «Бабарнаманың» құндылығы әртүрлі тарихи, географиялық, антропологиялық және әдеби аспектілермен маңызды. Сол себепті Орта Азияның тарихи және мәдени мұрасы ішінде «Бабырнама» ерекше орын алады. Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» еңбегі «Ферғана», «Кабул», «Үндістан» атты үлкен үш тараудан тұрады және ондағы қалалар, ауылдардың бейнесі, оқиғалардың егжей-тегжейлері, соғыс кезіндегі шайқастарды жай баяндап қоймай, көркем бейнелеу құралдары арқылы өрнектейді. Ал бұл шығарманың оқырманға түсінікті болуын қамтамасыз етеді. Сол кезеңдегі мемлекеттік басқару жүйесінің өкілдері – хан мен сұлтандар, билер, жазушылар, әдебиеттанушылар,

күйшілер, шабандоздар, суретшілер және басқа да тарихи тұлғаларды сипаттау мен портретін беруде көркемдегіш құралдарды тиімді пайдаланады. Соның нәтижесінде олардың мінез-құлық ерекшеліктері оқырманның көз алдында жанды образдарша елестей алады.

Ағылшынның белгілі шығыстанушы ғалымы Аннет Беверидж «Бабырнаманы» ұзақ жылдар бойы жан-жақты зерттеп, оны 1905 жылы ағылшын тіліне қайта аударма жасап шықты. А. Беверидж «Бабырнаманың» ғылыми тұрғыдан аса құнды зерттеу екенін дәлелдей келіп, Бабырдың бұл шығармасы ағылшынның атақты тарихшысы Э. Гиббон (1737-1794 ж.) мен ұлы физик И. Ньютон (1643-1727 ж.) мемуарларынан кем түспейтін, солармен терезесі тең тұрған еңбек деп бағалайды (Кәрімхан, 2024: 76). «Бабырнама» еңбегі әлемнің жетекші тілдеріне аударылғаны жайында айтар болсақ: «Бабырнама» естеліктері дүние жүзіндегі оқырмандар тарапынан жоғары бағаға ие болды, бұл парсы, орыс және ағылшын тілдерін қоса алғанда, 31 тілге жасалған аудармалармен расталады. Еңбек өзбек және ұйғыр тілдеріне ең жақын ескі түркі тілінде жазылған (Hegyi, 2020). Мойындайтын бір дүние көбінесе ақпараттық дискурста «Бабырнама» жөніндегі жазбалар өзбекше беріледі. Алайда бұл шығарманың авторын еске алу, еңбегін аудару бүкіл түркітілдес кеңістікте ерекше құрметтеледі. Сонымен қатар «Бабырнамаға» Үндістанда үлкен құрметпен және қызығушылықпен қарайтынын атап өткен жөн, өйткені кітаптың бүкіл үшінші бөлімі үнді қоғамы мен өмір салтын сипаттауға арналған (Irwansyah, 2010).

Ендеше Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнамасы» – тек тарихи құжат емес, сонымен қатар терең көркемдік шеберлікпен жазылған әдеби шығарма. Еңбекті әдеби туынды ретінде қарастырған Б. Тоекина: «Бабырнаманы» мемуарлық-ғұмырнама жанрының талаптарына жауап бере алатын көркем туынды ретінде қарастыруға негіз бар. Өйткені «Бабырнамадағы» басты кейіпкер – автор, яғни Бабырдың өзі. Ол өз образын өзінің қимыл-әрекеті үстінде ашып, бейнелеп отырады. ...Оқиғаларды жүйелі баяндау барысында лирикалық шегініске жол беріп, авторлық «менін» үнемі аңғартып отырады» (Тоекина, 2009: 16). Сонымен қатар ғалым: «Бабырнама» туындысы оқырманды рухани-эстетикалық ләззатқа бөлеп, таным-түсінігін кеңейтетін және дүрбелең кезеңді тарихи аяда көркем бейнелеумен қатар адамгершілік құндылықтар мен ізгілікті өнеге етіп, имандылыққа шақыратын тағылымды туынды», – деп баға береді. (Тоекина, 2009: 19).

Бабырдың өзі де үлкен қолбасшы әрі саясаткер болғандықтан, оның шығармасында соғыс және әскери қолбасшылардың мінез-құлқы кеңінен сипатталады. Осыған орай бұл мақалада тарихи тұлғалардан бөлек, Бабырдың өзі көрген және бірге соғысқан батырлардың бейнесі, олардың ерліктері мен қаһармандықтары көркемдік тұрғыдан бейнеленеді.

2. Зерттеу әдістері мен материалдары

2.1 Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысымыздың нысаны – «Бабырнамада» жазылған тарихи тұлғалар мен батырлар портретін анықтау. Аталған нысанға жету үшін тарихи-салыстырмалы әдіс, жинақтау, баяндау, анализдік талдау әдісі қолданылды.

2.2 Материалға сипаттама

Мақаламыздың тақырыбы мен мәнін ашу мақсатында отандық және шетел ғалымдарының зерттеу жұмыстары мен ғылыми-теориялық еңбектеріне сүйене отырып тұжырымдама жасалды. Зерттеу материалы ретінде Байұзақ Қожабекұлының «Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама», Ислам Жеменейдің «Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр. Бабырнама» еңбектері алынды.

3. Талқылау

«Бабырнама» – тарихи, ғылыми, философиялық, географиялық, мемуарлық, өмірбаяндық ерекшеліктері бар өте көлемді және көркем шығарма дедік. Осы тұрғыдан алғанда портрет – кез келген көркем шығармада бейнеленген көркем бейненің ерекшелігін беретін маңызды құралдардың бірі. Бейнелеу өнері мен көркем әдебиетте портреттің міндеті – шындық пен көркем бейнені үйлесімді көрсету. Демек, олардың барлығы бір логикаға, белгілі бір заңға бағынады. Портрет – сөзбен суреттелетін кейіпкердің сыртқы түрін (денесі, киімі, ым-ишарасы, дене қалпы мен қимылы, іс-әрекеті) сипаттайды. Сонымен қатар портрет көп эпикалық шығармаларда белсенді қолданушы, композицияның маңызды элементтерінің бірі ғана емес, кейіпкердің бейнесі мен сипаттамасына қызмет етеді. Осы орайда Бабыр өз еңбегінде әкесі мен өзіне етене жақын туысқандарының, қолбасшы батырлардың портреттерінен бөлек тарихта алтынмен аты жазылған тарихи тұлғаларға да тоқталады. Соның бірі қазақ хандары Қасым хан мен Әдік сұлтан жайында былай дейді: «Шайбани хан Ташкент пен Шаһрұхты басып алғанда, Сұлтан Нигар ханым моғолдың он екі нөкерімен Әдік сұлтанға қашып кетті. Әдік сұлтаннан екі қыз көтерді, бірі – Шайбани ханның тұқымындағы сұлтанға, екіншісі – Саид ханның баласы Рашид сұлтанға ұзатылды. Әдік сұлтаннан кейін Сұлтан Нигар ханымды қазақ ұлысының ханы Қасым хан алды. Жұрттың айтуына қарағанда, қазақ хандары мен сұлтандарының бірде-бірі бұл халықты дәл осы Қасым хан сияқты бағындыра алмаса керек» (Қожабекұлы, 1993: 32). Кітаптағы осы үзіндіге қарап, Бабырдың қазақ хандығы жайынан жақсы хабардар болғандығын және Қасым ханның өте қарулы, дипломатты, мықты тұлға болғанын көре аламыз. Осы тұста бабыртанушы Ислам Жеменей мынадай ой түйіндейді: «Бабыр Қазақ хандығын жақсы білген. Оған Қасым ханға берген бағасы дәлел. Бабырдың Қасым ханға ондай баға беруі – аса маңызды һәм шындықтың тарихи мәйегі. Өйткені, біріншіден, Бабыр патша – Қасым ханның замандасы, екіншіден, Бабыр негізін қалаған тарихта теңдесі жоқ ұлы империясы жүздеген жылға жалғасып, адамзат мәдениеті мен руханиятына баға жетпес жәдігерлер қалдырған тұлға ретінде Қасым ханға берген бағасының айрықша мәні бар» (Жеменей, 2020: 21).

Билеуші әулеттен шыққан және әкесі Тимурид билеушілерінің бірі саналатын Әлішер Науаи жайында Бабыр былай дейді: «Сұлтан Үсейін мырзаның енді бір әмірі – Әлішер Науаи. Ол бегі емес, бәлки кеңесшісі, сырлас-сұхбаттасы еді. Кішкентайынан бірге сыныптас болған. Сұлтан Әбусаид мырзаның дұшпандық сезімі аса жоғары болды, мен оның не себептен екенін білмеймін. Білетінім Әлішерді жазалау үшін

Гераттан қуып жіберді. Әлішер Самарқандқа барып, неше жыл сонда болды. Онда Аһмет Қажы бек оның тәрбиешісі әрі қамқоршысы болған еді. Әлішер бектің мінезі нәзіктікпен танылған. Ел оның әдептілігін дәулетті болғаны үшін тәкаппарлығынан деп ойлайтын еді. Бірақ олай емес-тұғын. Бұл сипат оның табиғатынан туған қасиет еді. Ол Самарқандта да сондай нәзік мінезді еді. ...Әлішер бек теңдесі жоқ кісі болды. Түркі тілінде өлең жазатын, ешкім сонша көп және жақсы өлең айтқан емес, алты мәснәуи жинақ кітабы бар» (Жеменей, 2023: 189). Тапқыр саясаткер, жазушы, талантты өнерпаз, сайып келгенде ғылым мен өнердің шын жанашыры болған Әлішер Науаи мен Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың жасы мен кезеңі бірдей емес, бірақ автор Әлішер Науаидің көркем мінезі мен қабілеттері жайында кеңінен айтып кетеді. Оған дәлел автордың өзі былай дейді: «Ғылым мен өнер адамдарына Әлішер бектей жетекші, жанашыр бұрын-соңды болғаны не болмағаны белгісіз. Мәселен, ұстаз Құл Мұхаммед, Шейхи Сани, Үсейін Уди музыка саласының бас мамандары болып, бектің тәрбиесі мен қолдауының арқасында соншама өркендеп, танымал болды» (Жеменей, 2023: 189).

Бабыртанушы ғалым Саидбек Хасанов: «Тарихи тұлғалардың бет-бейнесін, қасиеттерін ерітуде автор оларға әділдік танытуға, олардың өмір сүру салты мен жағдайына сүйене отырып, олардың мінезінің маңызды тұстарын мейлінше анық әрі қысқа сөз тіркестерімен жеткізуге тырысады», – дейді (Ҳасанов, 2007: 142). Сөзімізге дәлел Бабыр Темір әулетінің ұрпағы, белгілі астроном, математик Ұлықбек жайында да былай дейді: «Ұлықбек мырзаның Самарқанд қамалында салдырған ғимараттарының ішінде медресе мен дәруішхана тұрғызған. Дәруішхананың күмбезі өте биік болғаны сонша, әлемде ондай биік күмбездің нышаны кемде-кем. Енді бірі – осы медресе мен дәруішханаға жақын бір тамаша монша салыныпты. Ол «Мырза моншасы» деген атпен танымал, түрлі тастардан төселген. Хорасан мен Самарқандта ондай монша бар-жоғы белгілі емес. ... Ұлықбек мырзаның тағы бір зәулім ғимараты – Куһәк төбесінің етегінде салынған обсерватория» (Жеменей, 2023: 72). Ұлықбектің медресесі мен обсерваториясына толықтай анықтама бере өтіп, Ұлықбектің тағы бір қырын оқырманға таныстырады: «Ұлықбек мырза тағы да Куһәк төбесінің етегінің батыс бағытында бақ салыпты. «Майдан бағы» деп аталған бұл бақтың ортасында бір көркем ғимарат тұрғызған, оған «Қырық бағана» атын берген» (Жеменей, 2023: 73). Аталған мағлұматтарға қарап оқырман ғалымның сыр-сипатынан хабардар бола алады.

Автор өз шығармасындағы кейіпкерлерді кез келген тарихи оқиға, тұлғалық қарым-қатынас, шежірелік байланыс тұрғысынан суреттейді, сол жолда оның портретін салады. Кажет деп санайды. Мұндай образ кейін дамып, динамикалық сипатқа ие болмаса да, психологиялық ерекшеліктерден ада емес. Бұл тұрғыда кейіпкер «рухани дүниенің» толық ыдырауына ықпал етеді. Мәселен, әйгілі тарихшы, әдебиетші, Мұхаммед Хайдар Дулат Бабырдың туған бөлесі болған. Яғни екеуінің аналары Жүніс ханның қыздары және үлкен қызы Құтлық Нигар ханым Бабырдың әкесі Омар Шейх мырзаға тұрмысқа шықса, үшінші қызы Хуб Нигар ханым Мырза

Қайдардың әкесі Мұхаммед Үсейіннің жары болған. Сонымен қатар Мұхаммед Хайдардың Үндістан еліндегі қуғындағы өмірі Бабырдың үлкен ұлы Құмаюн патшамен тікелей байланысты болған және «Тарих-и-Рашиди» атты тарихи еңбегін жазуына да Бабырдың «Бабырнама» шығармасы түрткі болған. Автордың өзі: «Оның ұлы Қайдар мырза еді. Оның әкесін өзбек өлтіргеннен соң, менің жаныма келіп, үш-төрт жыл тұрды. Кейін рұқсат сұрап Кашғарға Саид ханның қасына барды.

Барлық нәрсе өз тегіне қайтады,
Таза алтын, күміс пен қорғасында.

Қазіргі кезде байсалды болып, жақсы жолға түсіпті. Ол жазу, сурет салу, оқ жону, найза мен садақ жасаудың, тіпті әр нәрсеге икемі бар, ақындық дарыны да бар екен. Маған жағдайын баяндаған хат келген еді, жазу мәнері де жаман емес», – дейді (Жеменей, 2023: 31). Көріп отырғаныңыздай Мұхаммед Хайдардың өн бойындағы бүкіл қасиеттерін Бабыр қысқа да нұсқа жазады. «Барлық нәрсе өз тегіне қайтады» деген теңеуге қарап-ақ, оқырман аталған кейіпкердің қабілет пен қасиетінен хабар-дар бола алады.

Жалпы «Бабырнамадағы» автор бейнесінен басқа көптеген тарихи тұлғалар – Тимурид билеушілері, әскери ақсүйектер, ғылым мен өнер адамдары, батырлар мен қолбасшылардың портреттерін көре аламыз және олардың сыртқы және ішкі портреттері шебер сызылған. Яғни саптық іс-әрекеттері аясында мінез-құлық қасиеттері ашылған. Тарихи тұлғалардың портреттері мен тарихи ерекшеліктерін ерітуде автор олардың өмір сүру салты мен жағдайына сүйене отырып, оларға объективті қарауға, портрет пен кейіпкерді ең маңызды да қысқаша түйіндеуге тырысқан. Енді автордың шығармадағы батырлар бейнесіне тоқталатын болсақ, «Бабырнамадағы» батырлар портреті – тарихи шындық пен әдеби шеберліктің синтезі. Бабыр батырлардың бейнесін суреттегенде олардың ерлігі мен әскери шеберлігін ғана емес, сонымен бірге олардың ішкі дүниесін, рухани күшін көрсетеді. Яғни батырлар тек соғыс алаңындағы жауынгерлер емес, өз заманының күрделі тұлғалары ретінде де бейнеленгенін көреміз. Бабыр олардың әрекеттерін нақты тарихи деректерге сүйене отырып, көркемдік тұрғыдан бейнелейді, бұл «Бабырнаманы» тек тарихи құжат ретінде ғана емес, әдеби ескерткіш ретінде де ерекше орынға қояды. «Бабырнамадағы» батырлар портреті арқылы біз сол кезеңдегі Орта Азияның саяси-әлеуметтік құрылымын, әскери дәстүрлерін және батырлық идеалдарын түсіне аламыз. Бабырдың шеберлігі мен көрегендігі арқылы жасалған бұл бейнелер оқырманға тарихи және мәдени тұрғыдан құнды ақпарат береді.

Автор «Бабырнамада» бес өзіне жақын және қолбасшылығымен ерекшеленген батырларға жан-жақты толықтай ақпарат береді. Олар:

1. Омар Шейх (Бабырдың әкесі)
2. Сұлтан Ахмет (әкесінің ағасы)
3. Сұлтан Махмұт (әкесінің ағасы)
4. Байсұңқар (әкесінің ағасы Сұлтан Махмұттың ұлы)
5. Сұлтан Құсайын (әкесінің ағасы Сұлтан Махмұттың ұлы, Байсұңқардың інісі)

Омар Шейхтің портреті – классикалық әдебиетіміздің тарихи прозасында тамаша суреттелген әмір мен әке портреті десек қателеспейміз. Автор бұл портретте кейіпкердің ішкі әлемі мен сыртқы келбетін, психологиялық күйін ерекше сипаттайды. Бұл жағы «Бабырнама» мәтінінде былайша көрсетілген: «Омар Шейх аса бойшаң емес, толықша, дөңгелек сақалды, ақ құба адам еді. Ол қынамалы шапан киіп, жіңішке белдігімен ішін тарта байлап жүретін; егер белін белбеумен қысып буып шіреніп қалса, шешіліп кететін. Киім, тамақ таңдамайтын; шалманы арнаулы қызметшілері орайтын; ол кезде бәрі де шалманы төрт қайыра орап, оның қырын сындырмай ұшын салбыратып бос қоятын. Жаз айларында диуанға қатысқан кезде болмаса, көбінесе моғол бөрік киіп жүретін еді» (Қожабеков, 1993: 26). «Бойшаң емес» деген сөз тіркесі арқылы оқырман Омар Шейх аса биік емес, орта бойлы екенін аңғарады. Кескіндеме кезінде түскен киім бейнелерінен Омар Шейхтің аласа, кең иықты, жігерлі адам болғанын аңғаруға болады. «Шалманың» егжей-тегжейі және шалманың қырын сындырмауы туралы сөйлем бұл ойды толығымен растайды. Бет-әлпеті үшін қолданылған екі қасиет оның түрік антропологиясына тән қалың сақалды жамылған кең жүзді адам екенін көрсетеді. «Төрт қайыра оралған шалма, моғол бөрік» демекші, батырдың бөрік киіп жүруі, ол ер азаматтардың қоғамдық істерде, қоғамдық жұмыстардан тыс жерде де әдеті. Омар Шейхтің тамақ пен киімді таңдамағаны оның мінезінің қарапайымдылығы мен кеңдігін көрсетеді. Өйткені ойөрісі тар, елең-алаң адамдар бұл дүниелерге үзік-үзік қарайды. Сонымен қатар Омар Шейхтің кісілік, мінез-құлық, келбет және ым-ишара мен әдет-ғұрып тұрғысынан оның даралығын көрсетуге қызмет етеді. Сонымен қатар Бабыр әкесінің жағымсыз тұстарын да бүкпесіз айтады: «Кейінгі кездерде есірткі кәйіпке құмартып, қатты еліретін болды. Ол жасынан көрсеқызарлыққа салынып, махаббат қасіретін көп шекті. Соған қоса үнемі нард, кейде тобық та ойнайтын» (Қожабеков, 1993: 27). Осыған қарап Бабыр туған әкесінің портретін толық жаңғыртып, портрет жасауда өзінің талантын, көркемдік тәжірибесін, шеберлігін және шыншылдығын көрсете білді деп айта аламыз.

Бабыр шығармадағы кейіпкерлерге портреттік сурет бергенде, оқырман оның қандай адам екенін анық аңғарады. Осы орайда тарихи айғақтардың көркемдік элементтермен, көркем портрет элементтерімен тамаша жүйеленгені сонша, образды ойша көз алдында елестету қиын емес. Мәселен, әкесінің ағасы Сұлтан Ахметтің портретін жасағанда: «Ол ұзын бойлы, шоқша жирен сақалды, самайына қылпық бітпеген қызыл шырайлы, етжеңді, әңгімешіл адам болатын. Сол кездегі әдет бойынша сәлдесін төрт орап алдыңғы ұшын маңдайына түсіріп қоятын» (Қожабеков, 1993: 39). Мәтінде «жирен сақалды, қызыл шырайлы» адамның бет құрылымы сипатталады. Автордың портрет жасаудағы шеберлігі кейіпкердің портретін байыппен бейнелеу болса, оның сыртқы келбетін көркемдікпен жылтырату бейнелеу құралының қызметі. Сонымен қатар Бабыр Сұлтан Ахмет портретінде Омар Шейх мырзаны суреттегендей тақия деталіне ерекше мән береді. Бұдан оқырман сол кезеңдегі ақсүйектердің киім кию мәдениетіне тән маңызды білім алады. Сонымен қатар Омар Шейх мырзадағы

тақия детальдарын салыстыра отырып, сол кезеңдегі мәдени-тарихи детальдың жалпы сипатын түсінеді. Сондай-ақ автор оның аңшылық, әскери шеберлігі, жауынгерлік қасиеті туралы: «Ол садақты жақсы тартатын, құсты жиі түсіріп, үйрек біткенді қалт жібермейтін Қарауыл орнына өрелеп тартылған асқабақты шетінен түгел атып түсіретін. Өмірінің ақырында қырғауыл мен бөденені сақпанмен атып, жұлындай түсіретін» (Қожабеков, 1993: 44). Бұл сурет Сұлтан Ахмет Мырзаның садақ ату қабілеті туралы болып тұр. Жалпы мұндағы «садақ»,«сақпан», детальдары тарихи лексиканың сипаттау құралы болып табылады, олардың әрқайсысы кейіпкер тұлғасының белгілі бір қырын көрсетуге қызмет етеді. Тарихи тұлға Сұлтан Ахмет мырзаға тән мұндай аңшылық шеберлік Науаидың «Сабаи Сайяр» (Жеті әлем) дастанындағы Иран патшасы Баһрамның бейнесін көз алдыңызға елестетеді. Иран патшасы туралы аңыз оқырманды оқиғаның өмірлік негізі бар екеніне сендіреді. Осы тұста ғалым Р.Бердібай «Сәбғай Сайер» («Жеті жолаушы») поэмасында шайыр адам мінезіндегі қайшылық диалектикасын ашады. Дастан қаһармандарының бірі – Баһрам шаһ бойына түрлі сипаттар қатар дарығанын көрсету, мінездің іші-тысын қабат суреттеу тамаша поэтикалық табыс еді» – дейді (Бердібай, 2007: 480).

Сұлтан Ахметтің мергендігін сипаттауда автор «асқабақты шетінен түгел атып түсіретін» дейді. Осы жердегі асқабақ әскери жаттығудың құралы болғанын байқауға болады. Тіпті «Науаи шығармаларының сөздігінде» де асқабақ әскери жаттығу құрылғысы ретінде сипатталған: «1. Асқабақ – жаттығуға арналған нысана, ұзын сырықтың ұшына орнатылған садақпен нысананы дәлдеген (асқабақ ойынында); Асқабақ әдісі – оқ ату ойынындағы безеулер; Асқабақ теруші – қақпағы бар, бағаналы ағаш. Бұл сөз таза түрік лексикалық қабатына жатады, мұнда әскерлер, әскер бастықтары, тіпті билеушілер де нысана арқылы әскери дағдыларын жетілдірді (Шамсиев, Иброҳимов, 1972: 293). Яғни «Бабырнаманың» жалпы мәтінінде кездесетін бейнелеу құралдарының негізгі бөлігі, әсіресе, әскери лексикаға қатысты сөздер жүйесі негізінен өзіндік қабат екенін аңғаруға болады. Осы тұста өзбек ғалымы, бабыртанушы Холманова: «Бабырнамадағы» түркі этносының тарихи тұлғаларының портреттерін бейнелеуде қолданылған сөздердің тарихи лексикалық, көркемдік-семантикалық жүйедегі өзіндік қабаты бар деп айта аламыз. Шығарманың бұл тілдік ерекшелігі төрт жағынан маңызды: 1) «Бабырнама» арқылы тарихи түркі тілінің ерекшеліктерін тереңірек түсінеміз; 2) Ұлттық тіл негізінде көркем бейнелеу құралдарын қалыптастырудың жолдары мен тәсілдерін тереңірек түсіну; 3) Шығармадағы тарихи тұлғалардың бейнесін неғұрлым нақты, кеңірек жасау; 4) Түркі стиліндегі көркем портреттердің дамуының тарихи-поэтикалық мүмкіндіктерінен хабардар боламыз (Холманова, 2007: 17). Бұдан шығатын қорытынды, Бабыр батырлардың шайқастағы әрекеттерін сипаттағанда олардың әскери өнерге деген шеберліктерін ғана емес, сонымен қатар рухани қасиеттерін де көрсетеді. Бұл батырлар тек физикалық күш пен шеберліктің ғана емес, сонымен бірге адамгершілік пен өз ісіне деген адалдықтың бейнесі ретінде көрінеді. Батырлардың бейнесі арқылы Бабыр сол кезеңдегі Орта Азияның әскери мәдениетінің ерекшеліктерін де ашып көрсетеді.

Бабыр ағасы (әкесі Омар Шейхтің бауыры) Сұлтан Махмұт мырзаның портретін былай сипаттайды: «Ол орта бойлы, ұзын селдір сақалды, тұйық мінезді, етжеңді адам болатын» (Қожабекұлы, 1993: 47). Бір ғана сөйлемде автор Сұлтан Махмұттың сыртқы келбетінің маңызды қырын көрсетеді. «Селдір сақал» деген тіркес оның антропологиялық тұрғыдан моғолдарға жақын екенін білдіреді. Бүгінгі әдеби тілде «селдір сақал» түрінде айтылатын бұл тіркес бетіндегі шашы аз өсетін адамды білдіреді. Сұлтан Махмұттың «орта бойлы» және «етжеңділігі» оның Омар Шейх сияқты күшті болғанын көрсетеді. Ал «тұйық мінезді» деген бір ауыз сөз арқылы оның мінез-болмысынан хабардар бола аламыз. Бабырдың шыншылдығы сол, ол өз әкесінен бөлек, ағасының да пенделік істерін ашып жазады: «...ұятсыздау адамды, төңірегіндегі думаншыл дос-жарандары, ұяттан безген қылжақбастары әжуа айтыстарда жұрт көзінше не масқара жасамад! Сұлтан Махмұт мырза быдықтап сөйлейтін, оның сөзін бірден ұға алмайтынсыз», – дейді (Қожабекұлы, 1993: 48). Шеберлікпен салынған портрет кейіпкердің толық бейнесін ашып, оның рухани дүниесін, адамгершілік қасиетін көркемдік зерттеу құралына айналдырып тұр.

Сонымен қатар Бабыр Сұлтан Махмұттың қоғамдық және мемлекеттік басқару қызметіне де қысқаша сипаттама береді. Осылайша кейіпкердің портреті неғұрлым жарқын және толық болуын қамтамасыз етеді. Мысалы, «Адамгершілігі, іс-әрекеті жосықты еді, намазды құр жібермейтін, ал ел басқаруы, тәртіп орнатуы жоғары дәрежеде болатын», – дейді (Қожабекұлы, 1993: 47). Байқасаңыз автор өз кейіпкерінің портретіне жағымды реңк беріп, бұл реңк оқырманның бойынан кейіпкерге деген сыйластық пен мейірімділікті оятуға сеп болып тұрғандай.

Бабыр өз еңбегінде сипаттаған тұлғалардың портретін еркін бейнелеуде қысқалық, ықшамдық, көркемдік, таза түрік сөздерін тиімді пайдалану сияқты поэтикалық, тарихи, тілдік, интернационалдық құралдарды пайдаланған. Осының бәрі Бабыр прозасына тән жоғары шеберлікті айғақтайды. Себебі Бабырға арналған барлық байыпты зерттеулерде оның басқаларға деген көзқарасында реалист болғаны баса айтылады. Бұл пікірмен келіспеу мүмкін емес. Расында, Бабыр туыстарының жағымсыз қасиеттерін айтудан ұялмайтын, қарсыластарының қасиеттерін айтудан қорықпаған. Ол ешқашан қарсыласына әділетсіз позицияда болған емес. Меніңше, мұндай объективтілік, біріншіден, Бабырдың исламдық этика негізінде тәрбиеленген иманды-мұсылман болғандығынан, екіншіден, оның жаратылысына тән кең пейілділік пен шыншылдықтан туындағандай. Сөзімізге дәлел болу үшін «Бабырнаманы» қазақша сөйлеткен Байұзақ Қожабеков: «Бабыр ешбір бүкпесіз, қарапайым тілмен баяндайды. Өз тумаларының іс-әрекетін жасырмай жазады. Әрине, пенде болған соң жеке басында да бүгінгі тұрғыдан қарағанда, кемшілік жетерлік», – дейді (Қожабекұлы, 1993: 5). Енді Бабырдың өз сөзіне жүгінейік: «Ұшпу сөзді шағым жасайын немесе қайырымдылығымды білдірейін деп мақтан үшін жазбадым, шындықты, болған оқиғаны ешбір қоспасыз қағазға түсіріп отырмын. Естелікті жазуда алға қойған мақсатым, шындықты, болған оқиғаны ешбір қоспасыз қағазға түсіріп отырмын. Естелікті жазуда алға қойған мақсатым – ақиқатты, қандай да болмасын істі сол

қалпында баяндап жазу. Сондықтан тумаларымның, бауырларымның жақсы-жаман істерін алыс-жақын адамдардың кемшілігін де, артықшылығын да бүкпесіз айтып отырмын. Жарандар, жамағаттар, меймандар кешірім етер деймін» (Қожабекұлы, 1993: 5).

«Бабырнамада» автор өзінің ықтимал қарсыласы Шайбани хан туралы көп айтады. Сондай-ақ қажет болған жағдайда оның оң жақтарын да атап өтеді. Алайда оның қателіктері де айшығырақ көрсетіледі. Соның нәтижесінде Шайбани хан портреті оқырманға жеке-дара емес, кең мағынада жан-жақты қырынан көрінеді. Бұл туралы жапон ғалымы Эйдзи Мано да пікір айтады. Әсіресе, Бабырдың әрбір бейнені анық оқырманға жеткізуге тырысқанын атап өтеді: «Жалпы портретті жасаудың екі жолы бар. Біріншісі – кейіпкердің сыртқы келбеті негізінен оқиғаның басынан бастап сызылатын болса, екіншісі – шығарма барысында бейнеленген детальдардан тұтас портрет оқырман санасында бірте-бірте пайда болады. Кейбір кейіпкерлердің сыртқы келбеті сызбасыз қалуы үшін көркем шығармадағы адам кейпінің ең маңыздысы – оның ішкі дүниесі» (Жамолов, Отажонов, 1990: 74).

Бабыр біз көрсеткен негізгі бес кейіпкердің «дүниеге келуі мен шыққан тегі, сырт келбеті, қасиеті мен әдеттері, соғыстары, иелігі, балалары мен әйелдері, отбасы мүшелері, кәнизактары, әкімдері, уәзірлері» деп тақырыпшаларға бөліп, олар туралы мәліметтерді «Бабырнамада» жіктеп, саралап жазады. Ағасы Сұлтан Құсайын жайында: «Ол қыли көз, дене бітімі арыстанға ұқсас, жіңішке белді, мығым кісі еді. Егде тартқан ақсақал кезінде де қызыл-жасылды жібек киім, қара елтіріден бөрік немесе қалпақ киіп жүретін. Мейрам кезінде намаз оқуға үш қайтара оралған сәлдесіне үкі тағып баратын әдеті де бар-ды» (Қожабекұлы, 1993: 190). Сұлтан Құсайынды тікелей бейнелеген портретінен тарихи шындық пен көркемдік құралдардың үйлесімін анық көруге болады. Бұл образда автор тарихи қаһарманның үш қырына ерекше назар аударған: 1) көзінің, бет-әлпетінің, денесінің құрылысы; 2) қай уақытта қандай киім киетінін; 3) кейіпкердің жасындағы өзгерістер. Кейіпкердің «қыли көзі» оның түркі-барлас тайпасынан екенін, тура мағынасында темурид екенін, «арыстан денелі» деп аса жігерлі, сымбатты адам екенін көрсетеді. Сондай-ақ «мығым» деген көркемдік теңеу оның шайқастардағы талғампаз мінезді батыр екенін көрсетеді. Бабыр батыр белінің жіңішкелігін бейнелей отырып, кейіпкерінің сөзбе-сөз мағынасында арыстанға ұқсайтынын атап көрсетеді. Сұлтан Құсайын көбінесе қара елтіріден бөрік немесе қалпақ киіп жүретінін айта кетіп, оның қарапайым және іскер адам екенін автор анық байқатады. Сонымен қатар қажет кезде үш қайтара оралған сәлдесіне үкі тағып жүретін әдетін де атап өтеді. Осы арқылы батыр портретінің өзіне ғана тән ерекшелігін көреміз. Оның егде тартқан ақ сақалын еске алу арқылы қартайған шағында да оның осы киіну ерекшелігін тастамағанын байқауға болады. Осылайша батыр және тарихи тұлға портретінің статикалық және динамикалық жақтары үйлесімді бейнеленген. Оқырман да оның тамаша бейнесіне қол жеткізеді.

«Кейіпкердің портретіне қарап отырып, оның сыртқы түрі бойынша бет-әлпетінің, яғни статикалық портрет (пішіндік жағы, тән сұлулығы басым көрінеді) және

динамикалық бейнесі (мимика және мінез-құлық) қатар көрінеді. Кейіпкердің костюмі портреттің бір бөлігі деп те айта аламыз. Себебі портреттің кейбір табиғи аспектілері көркем шығармада маңызды рөл атқарады. Олар оқырманға кейіпкердің қай ұлтқа, қандай әлеуметтік ортаға жататыны туралы алғашқы түсінік береді. Бұл ретте оның руханилығын айғақтайтын киімі, стилі маңызды рөл атқарады» (Куронов, 2010: 226), – демекші осының бәрінде де біз автордың портретті берудегі бір қағидасы тарихи шынайылықпен бейнелеу екенін көреміз. Осы тұста еңбекті әдебиеттану тұрғысынан зерделеген филология ғылымдарының кандидаты Тоекина Балжан Сәкенқызы өз зерттеуінде былай дейді: «Бабырнамада қазақ тарихына дерек болар қала, адам, жер-су аттары ғана емес, тарихи оқиғалар, Мауараннахр әмірлерінің бүгінгі Қазақстан жеріне, яғни Әбілхайыр хандығының аумағына, Түркістанға, Жетісудағы Моғолстан елді-мекендеріне жасаған жорықтарынан да мол мағлұмат беріледі. Онда бүгінгі ұрпақ үшін маңызы зор ұлт тарихының бұлтартпас нақтылығы көрінеді. Бабырнама тарихи деректі фильм іспеттес. Өйткені мұраның әр бетінде бейнеленген шындық болмыс, сол заманды қаз-қалпында көз алдымызға алып келеді. Туынды деректерінің аса дәлдікпен, нақтылықпен берілуінің себебі, Бабырдың тарихтан басқа да ғылым салалары: география мен этнографияны жетік меңгергендігінен, жалпы ғылым атаулыға сайентистік көзқараста болғандығынан болатын», – дейді (Тоекина, 2009: 18). Яғни қорытындылай айтқанда, Бабыр еңбегі – география мен этнографияға ерекше мән берілген, ұлттық тарихымыздың бұлтартпас дәлелі болып табылатын баға жетпес мұра деуге болады.

4. Нәтижелер

Ағылшын ғалымы, бабыртанушы және аудармашы У.Эрскин де Бабырдың суреткерлік қабілетін мойындайды: «Бабыр адам туралы айтқанда оның келбетін, киім киісін, талғамын, әдет-ғұрпын шынайы түрде нақтылай суреттейді, біз оны өмірде көріп, бірге өмір сүргендей боламыз. Бабырдың өз көзімен көрген елдердің жер бедерін, климатын, тұрмыс-тіршілігін, өнеркәсібі мен шаруашылығын, өнер ескерткіштерін дәл әрі толық суреттегені соншалық, бұл жерлерді аралаған туристердің өзі де мүлтіксіз елестете алмайды», – дейді (Эрскин, 1997: 65).

«Бабырнама» – тарихи шежіре болуымен қатар, әдеби шығарма ретінде де қарастырылады. Шығармадағы батырлардың бейнесі тек әскери қолбасшылар ретінде ғана емес, сонымен қатар әдеби қаһармандар ретінде де суреттеледі және бұл жерде Бабырдың әдеби шеберлігі анық байқалатынын көрдік. Автор батырлардың әрекеттері мен мінез-құлқын сипаттап қана қоймай, олардың ішкі дүниесін де ашуға тырысады. Мысалы, әкесінің соңғы кездері ішімдік көп ішін, құмар ойындарға әуес болғандығын айта кетіп, оның осы істерін жуып-шаю мақсатында мас емес күндері құранды үзбей оқитынын жазады. Сонымен қатар туысқан ағасы Сұлтан Ахметтің соғыс кезіндегі эмоциялары мен ойларын сипаттап, күрделі тұлғалар ретінде көрсетеді.

Бабырдың әдеби тәсілдері арқылы батырлар бейнесі бір жағынан тарихи деректілікке сүйенсе, екінші жағынан әдеби қаһармандық эпос дәстүріне жақын.

Батырлардың ерлігі мен қайсарлығы тек соғыс алаңындағы ерліктермен ғана шектелмейді, сонымен бірге олардың рухани күші, достық пен патриотизмге деген адалдығы да кеңінен бейнеленеді. Бұл қасиеттер шығыстық эпостарда кездесетін қаһармандық сипаттарға ұқсас, сондықтан «Бабырнама» тек тарихи ғана емес, әдеби мұра ретінде де маңызға ие. «Бабырнама» шығармасы көне дәуірде пайда болған өмірбаяндық жанрдан XVI ғасырдан бері белгілі естелік жазба жанрына ауысуымен қызықты. Сөйтіп, ол оқиғаларды баяндау кезінде хронологияны сақтауда ашылатын өмірбаянмен байланысын сақтап, жеке жазу стилі, оқиғаларға сыни баға беру, автор үні, философиялық ұйқастар мен тұспалдар сияқты жаңа сипаттарға ие болады» (Alkabani, 2020: 125).

5. Қорытынды

Әдеби портрет ұғымының аясы кең: оның көркем шығармадағы кейіпкерлердің, әдеби қаһарманның сырт бейнесі, көрік-келбетін білдірумен қатар, мемуарлық шығармалардағы сөз болып отырған кейіпкердің, нақты өмірде болған адамның сипатын беретін де қасиеті зерттеліп келеді. Мұнда қаламгер көбінесе әдеби портрет арқылы өзімен қоян-қолтық араласып жүрген, сыралғы серікке айналған адамның өзі таныған мінез болмысын, кейіп-көрінісін ақиқаттан ауытқымай қағаз бетіне түсіреді (Тұраров, 2012: 247).

Бабыр портреттер жасауда адамдардың сыртқы келбетімен қатар ішкі жан дүниесіне де үңіліп, тарихи тұлғалардың жақсы жақтарын суреттеп қана қоймай, олардың сызбаларында жағымсыз қасиеттерін де атап көрсетеді. Біз оны жоғарыдағы талқылау бөлімінде кеңінен ашып көрсеттік. Бұдан шығатын қорытынды автор портретті шынайы бейнелегені сонша, бейнелеу құралдары өз қызметін анық және толық көрсетеді. Ал мұны автордың шеберлігінің айғағы деуге болады. Сонымен қатар Бабырдың шыншыл, реалист суретші екендігін ашу мақсатында «Бабырнамадан» көптеген мысалдар келтіріп, шетел ғалымдарының дәйекті пікірлерін жаздық. Жалпы автор батырлардың бірін сипаттағанда, оның шайқастағы стратегиялық қабілеттерін ерекше атап өтеді, сонымен қатар оның адамгершілігі мен достыққа деген адалдығын да көрсетеді. Яғни батырлардың бейнесі тарихи деректермен тығыз байланысты екенін және олар сол кезеңдегі маңызды әскери тұлғалар болғанын атап өткіміз келеді.

Сонымен қатар «Бабырнамада» батырлардың әскери қабілеттері мен соғыс тактикасына ерекше көңіл бөлінген. Бабырдың өзі ұлы қолбасшы болғандықтан, ол әрбір шайқасты егжей-тегжейлі сипаттап, батырлардың әрекеттерін нақтылайды. Әсіресе олардың соғыс алаңындағы батыл қадамдары, стратегиялық шешімдері және шебер тактикалары бейнеленеді. Мұнда біз батырлардың тек жауынгерлер ғана емес, сонымен бірге нағыз қолбасшылар, стратегтер болғанын көреміз.

Бабыр батырлардың сыртқы ерліктерімен қатар, олардың ішкі жан дүниесін де терең талдауға тырысады. Шайқас кезінде батырлардың қорқыныштары, қиындықтары және шешім қабылдау процестері көрсетіліп, оларды күрделі тұлғалар ретінде тануға мүмкіндік береді. Мысалы, кейбір батырлар өз әрекеттерін жасағанда, ішкі

күмәндары мен қиыншылықтарын жеңіп шығады. Мұндай психологиялық талдау батырлардың шынайы тұлғаларын ашып, оларды оқырманға жақындататын элемент болып табылады.

Тобықтай сөздің түйіні, автор «Бабырнамадағы» тарихи тұлғалар мен кейіпкерлердің сыртқы келбетін, психологиясын, жүріс-тұрысын, ым-ишарасын, мимикасын тамаша бейнелеген. Әрине, мұның бәрі Бабырдың көркемдік талғамы биік ақын, асқан дарын иесі, өмір құбылыстарын терең бақылайтын, адам психологиясын терең бақылайтын психолог екенін көрсетеді. Осы тұста батырдың портреті тарихилық принципі негізінде бейнеленген. Бұл қағида тарихи портреттердің дәл, шынайы бейнеленуіне мүмкіндік берді.

Әдебиеттер:

1. Alkabani, F. Sexuality, nationalism and theother: the Arabic literary canon between Orientalism and the Nahḍa discourse at the Fin de Siècle // Middle Eastern Literatures. – 23 (3). –2020. – P. 111-139. DOI:10.1080/1475262X.2021.1885133

2. Бердібай Р. Әр жылдар ойлары. Көмекші оқу құралы. – Түркістан: «Тұран» баспасы, 2007. – 680 б.

3. Жамолов С., Отажонов Н. Заҳириддин Муҳаммад Бобур ижодини ўрганиш ўқув қўлланмаси. – Тошкент: 1990. – Б.93.

4. Жеменей И. Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр. Бабырнама. – Алматы: Дарын баспасы, 2023 – 458 б.

5. Жеменей И. Мұхаммед Айдар Дулат Тарих-и Рашиди. 2 кітап. – Алматы: Қазақ университеті, 2020, 1-кітап. – 367 б.

6. Кәрімхан З.Т., Әубәкірова Қ.Ә., Касымова А.А. Мемуарлық проза эволюциясы: көне түркі жазбаларынан бүгінгі күнге дейін // «Керуен». – 85(4). – 2024. – Б. 76-89 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.4-06

7. Қожабекұлы Б. Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама. – Алматы: Ататек, 1993. – 448 б.

8. Қуронов Д. Адабиётшунослик луғати. – Тошкент: Akademnashr, 2010. – Б.226-227.

9. Тоекина Б. «Бабырнама» және Қазақ хандығы тұсындағы жазба шежірелер. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2009. – 24 б.

10. Тұраров М. Қазақ әдебиетіндегі әдеби портрет: ерекшелігі, маңызы, сипаттамасы // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – № 3(137). – 2012. – 247-249 б.

11. Хасанов С. Бабыр шығармашылығы. – Ташкент, 2007. – 180 б.

12. Холманова З. «Бобурнома» лексикаси. – Тошкент: Ўз РФА Фан, 2007. – Б. 22.

13. Шамсиев П., Иброҳимов С. Навоий асарлари луғати. – Тошкент: Ғафур Ғулом номидаги Адабиёт ва санъат, 1972. – Б.592.

14. Эрскин У. Ҳиндистонда Бобур давлати / Инглиз тилидан Ғ.Сотимов таржимаси. – Тошкент, 1997. – 65 б.

15. Hegyi, P. 2020. Tradition and innovation in literature from antiquity to the present the dean of faculty of humanities. Eotvos Lorand University, Budapest. – 234 p. https://www.eltereader.hu/media/2020/09/Tradition-and-Innovation-in-Literature-Web.pdf.

16. Irwansyah, D. 2010. Islamic Value Propagation in Literary Work. – Millab, 10 (1), Agustus, 2010. – p.87–100. https://www.academia.edu/50060025/Islamic_Value_Propagation_in_Literary_Work.

References:

1. Alkabani F. (2020) Sexuality, nationalism and theother: the Arabic literary canon between Orientalism and the Nahḍa discourse at the Fin de Siècle. Middle Eastern Literatures, 23 (3). – P. 111-139. DOI:10.1080/1475262X.2021.1885133 (in Eng).

2. Berdibay R. (2007) Thoughts of each year. A helpful tutorial. Turkistan: «Turan». – 680 p. (in Kaz).

3. Erskin U. (1997) Babur's state in India / translated from English by G. Sotimov. Tashkent. – 65 p. (in Uz).

4. Hasanov S. (2007) Babur's creativity.Tashkent. – 180 p. (in Uz).

5. Hegyi P. (2020) Tradition and innovation in literature from antiquity to the present the dean of faculty of humanities. Eotvos Lorand University, Budapest. – 234 p. https://www.eltereader.hu/media/2020/09/Tradition-and-Innovation-in-Literature-Web.pdf. (in Eng).

6. Irwansyah, D. (2010) Islamic Value Propagation in Literary Work. Millab, 10 (1), Agustus,– P. 87-100. https://www.academia.edu/50060025/Islamic_Value_Propagation_in_Literary_Work. (in Eng).

7. Karımhan Z.T., Aubakırova K.A., Kasymova A.A. (2024) The evolution of memoir prose: from ancient Turkic writings to the present day. «Keruen», 85 (4). – P. 76-89. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.4-06 (in Kaz).

8. Kholmanova Z. (2007) «Baburnoma» lexicon. Tashkent: Uz RFA Fan. – P. 22. (in Uz).

9. Kozhabekuly B. (1993) Babur Zahiraddin Muhammed. Baburnama. Almaty: Atatek, – 448 p. (in Kaz).

10. Kuronov D. (2010) Literary dictionary. Tashkent: Akademnashr. – P.226-227. (in Uz).

11. Shamsiev P., Ibrohimov S. (1972) Navoi's works. Compilers. Tashkent: Gafur Literature and art named after Ghulam. – 592 p. (in Uz).

12. Toekina B. (2009) «Babyrnama» and written chronicles during the Kazakh Khanate. Abstract of the dissertation prepared for the degree of Candidate of Philological Sciences. Almaty. – 24 p. (in Kaz).

13. Turarov M. (2012) Literary portrait in Kazakh literature: feature, significance, description. Philology series. No. 3(137). pp. 247-249. (in Kaz).

14. Zhamolov S., Otajonov N. (1990) A textbook for studying the work of Zahiriddin Muhammad Babur. Tashkent. – P.93. (in Uz).

15. Zhemeney I. (2023) Zahiraddin Muhammed Babur. Baburnama. Almaty: Daryn. – 458 p. (in Kaz).

16. Zhemeney I. (2020) Muhammed Aidar Dulat Tarih-i Rashidi. 2 kıtap. Almaty: Kazakh universiteti. 1-kıtap. – 367 p. (in Kaz)